



EGEMEN QAZAQSTAN

## **Биігі аласармас Би-аға**

### ***Қостанайда Бейімбет Майлиннің 125 жылдығы аталып өтті***

Туған жерден ұшып, қазақ аспанында сөнбейтін бір жұлдызға айналған перзенттің туғанына 125 жыл толды. Ғасырдан ширек ғасыр тағы асса да, қазақ жерінің құйқалы топырағы өзгерген жоқ, бала Бейімбет суына шомылған сол Әйет баяғыша тоқтамай ағып жатыр. Өзгерісі – Бейімбеттің бабалары аңсап өткен, өзін сол жолда құрбан еткен ел тәуелсіздігі қыратты, қырмызы туған жерде еркін адымдайды. Би-аға 1957 жылы ақталғаннан кейін, ел есін жиған соң, осы Әйетте оның 70 жылдығын жерлестері жүздегі қуаныш пен жүректегі мұңнан көз жасын сүрте жүріп, ерекше көңіл күймен атап өткен екен.

Бейімбетінің арқасында биікті де көрген, бейнет пен қорлықтан да аман өткен, «Алжир»-да отыруға тиісті 8 жылын 5-6 жыл қой бағып өтеп, балашағасын әр балалар үйінен теріп алған Күнжамал шешеміз де төрде отырыпты. Содан кейін Би-ағаның 80, 90, 100, 120 жылдығы туған жерде, осы Әйетте аталып өтті. Бірақ ол кезде Би-аға туған аудан аты да, аудан орталығының аты да Таран болатын. Туған жерде Бейімбет Майлиннің аты болсын дегенді айтып, Олжас Сүлейменовтен бастап, зиялы қауым талай жазды, мәселе көтерді. Бірақ қызыл империя кезінде қызыл комиссардың биігі байқалмаса да бәсі басым болды. Бірақ Таран жерде, Би-аға биікте, аспанда тұрғандай болушы еді. Жұрттың іші соны сезетін. Алайда Би-ағаға жасалған әділетсіздік өзіміздің салғырттығымыздан тәуелсіздіктің 28-ші жылы ғана қалпына келді. «Ештен кеш жақсы» деген. Туған жерде Таран аттан түсіп, Би-ағаға орын берді – ауданның аты Бейімбет Майлин, аудан орталығының аты Әйет деп аталды. Қазақ жазба әдебиетінің қалыптасуына орасан үлес қосып, тотыдай түрлендірген жазушының тойы бірінші рет өз атымен аталатын ауданда бастау алды. Қос қуаныш рухты көтерді.

Осы жолы Би-ағаның тойы қызылды-жасылды, желеулеген даңғаза емес, жаңаша өріс алды. Той «Бейімбет Майлиннің мұрасы – ұлттың асыл қазынасы» атты ғылыми-практикалық конференциядан басталды. Оған облыс, аудан жұртшылығымен қатар, Республика Жазушылар одағының төрағасы, ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ұлықбек Есдәулетов, Мемлекет тарихы институты Деректану, тарихнама және Отан тарихы бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты Құндызай Ерімбетова, Алматы қаласындағы Сәбит Мұқанов және Ғабит Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық кешенінің директоры, ақын, халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері Әділғазы Қайырбеков және Бейімбет Майлиннің ұрпақтары қатысты.

Бұл тойдың тағы бір ерекшелігі, оған еліміздің биыл 100 жасқа толып отырған бас басылымы «Egemen Qazaqstan» газетінің басшылығы арнайы шақырылды. Оның себебі бар. Бейімбеттің қызметі мен шығармашылығы еліміздің бас басылымы, бүгінгі «Egemen Qazaqstan» газетімен тікелей

байланыста болды. Ол өткен ғасырдың 20-30-шы жылдары газет «Еңбекшіл қазақ», «Еңбекші қазақ», «Социалды Қазақстан» деп аталғанда қызмет істеді, жауапты редактор қызметін атқарды, мақалаларын, әңгімелерін жариялап отырды. «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ төрағасының орынбасары-бас редакторы Айбын Шағалақ той қонағы болып, ғылыми-практикалық конференцияда Бейімбет Майлин мен газет жылнамасы туралы мазмұнды әңгіме айтты. Тойда облыс әкімінің орынбасары Марат Жүндібаев облыс әкімі Архимед Мұхамбетовтің атынан той қонақтарын құттықтады.

Қазақ «тақыр жерге шөп шықпайды» дейді. Бейімбет туған, өскен орта туырлығы тесік қараша үйден тұрмайтын еді. Би-ағаңа біткен дарын, аса биік адамгершілік пен тектілік туған жер топырағының құнары мен ата-бабаның рухани қуатынан дарыған еді. Оны конференцияның модераторы, белгілі ақын, әдебиетші Ақылбек Шаяхмет былай кестеледі.

– Сіздер Бейімбет Майлиннің туып-өскен жеріне, ақындар мен батырлардың, билердің атамекеніне келіп отырсыздар. Ел аузында жүрген шежіре дерегіне сүйенсек, Қарабалық Қыпшақтан Шоманақ, Қарсақ, Танабұға, Жолыншы және Жолжақсы тарайды. Жолыншыдан Сопы, Сопыдан Қарта туады. Қартадан Қошқар, Жауар, Мамажар, Мәмеке, Әлеке, Әлекеш туады. Жабағы батырдың ата-тегін таратар болсақ, Қошқардан Тәуке, Тәукеден Сыма, Сымадан – Тоқмамбет, Ақжігіт, Ақмәмбет кетеді. Абылай ханнан бата алған Түгел батыр осы Ақжігіттің баласы. Ал Түгелден Ипан, Ипаннан Жабағы батыр туады. Батырдың немересі де атасына тартып батыр болған. Ал Ақжігіт – Би-ағаның түп атасы. Таратып айтсақ, Ақжігіттен Өтеген, Қожық, Түгел, Атан, Жобал туған. Атаннан Тәукебай, Тәукебайдан Майлы, Майлыдан Жармағамбет, Жармағамбеттен Бейімбет туған, деді Ақылбек Қожаұлы.

XX ғасырдың қазаққа көрсетпеген құқайы жоқ. Бірақ бергеніне де шүкіршілік еткендейміз. Қазақ елінің болашағы үшін күрескен Алаш азаматтарын былай қойғанда, халқымызға әдебиет пен өнердегі алыптар тобын берді. Сол ірілердің әу басында тұрғанның бірі Бейімбет еді.

– Бейімбет қазақ прозасының негізін салушы екеу болса біреуі, біреу болса өзі. Оның әңгімелері өмір шындығын дөп басып, реалистік тегеурінімен, көркемдік биік өресімен және тақырыбының әралуандығымен дараланады. Ұлылық қарапайымдылықтан туады десек, бұл Майлин шығармаларына дәл келеді. Оның туындыларында өз дәуіріндегі большевик, совет жазушыларына тән патетика, жалған пафос, әсірелеу, ұрандату, жалаулату жоқ. Кедейінің болсын, байы мен орташасының болсын дәл шынайы типтік бейнелерін жасады және соның бәрін тарихи өзгеру тұрғысынан суреттеді, деді Ұлықбек Есдәулет. Ол ауданның Би-аға атын алғанына құтты болсын айтып, қазақ әдебиетінде Бейімбет қалыптастырған мектептің жасай береріне сенім білдірді.

Бейімбет Майлин тек қазақ әдебиетін жанр жағынан түрлендіріп қана қойған жоқ, оның қазақ журналистикасының сүрлеуін салуда да еткен еңбегі

ұшан-теңіз. Оған «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ төрағасының орынбасары-бас редакторы Айбын Шағалақ тоқталды.

– Бірден айту керек, Бейімбет Майлин де Алаш қайраткерлері қатарында қаламгерлік қуатын баспасөз арқылы танытты. Ол мақала жазып ғана қойған жоқ, газет-журнал ұйымдастыру ісіне, баспасөздің күнделікті қара жұмысына да бел шеше, білек сыбана атсалысты. Сол жылдардағы газет тігінділерін қарасаңыз, Бейімбет Майлиннің қарапайым хабардан бастап, проблемалық мақала, очерк, әңгімелері тұрақты жарияланып тұрғанын көруге болады, деді Айбын Бақытұлы. Бейімбет Майлин мақалаларына көбіне бүркеншік атпен қол қойған. Бейімбетті зерттеушілер арасында бұл әлі күнге дейін нүктесі қойылмаған тақырып. Оны Айбын Шағалақ та атап өтті.

– Майлинді зерттеген Тоқтар Бейісқұлов бір сұхбатында оның бүркеншік атының 74 екенін айтады. Ал «Егемен Қазақстан» кітапханасы» сериясымен шығарған газеттің 1919 жылдан 1970 жылдарға дейінгі кезенді қамтитын алғашқы бес томдығын шығару барысында Би-ағаның бүркеншік есімдері мұнан да көп деп пайымдадық. Себебі Би-аға қолданған «Бір көрген», «Қараша бала», «Тай» сияқты бүркеншік аттарына ұқсас, «Көрген», «Тайбағар», «Қара бала» деп қол қойылған жазу мақамы, берілу тұрпаты жағынан Бейімбеттің қолтаңбасына ұқсас материалдар газет бетінде жиі кездеседі. Әрине бұл тақырып зерттеуді, талдауды қажет етеді, деген ол «Egemen Qazaqstan» газеті өзінің «Ұшқыннан» бастап, бүгінге дейін жалғасатын жылнамасын, яғни архивін цифрлы форматқа көшіргеніне де жұртшылықтың назарын аудара кетті.

Тарих ғылымдарының кандидаты Құндызай Ерімбетова Бейімбет Майлин құрбан болған содыр саясат үстемдік құрған уақыт сипатына тоқталды. Сонымен қатар Бейімбет Майлиннің өмірі мен шығармашылығын кезеңдерге бөліп, мұрасын бүгінгі уақыт тұрғысынан қайта зерттеуді ұсынды. Екі алыптың – Бейімбет Майлин мен Ғабит Мүсіреповтің шығармашылық байланысы туралы сөз алған Сәбит Мұқанов және Ғабит Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық кешенінің директоры Әділғазы Қайырбеков Би-ағаның кіршіксіз таза, адамгершілік, бейнетқор болмысы туралы әңгімеледі. Би-ағаның шығармашылығы ғана емес, адами болмысы да үлгі-өнеге, ұрпаққа мұра.

Конференцияға Би-ағаның ұрпақтары да қатысқанын айттық. Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданында тұратын Зәуреш Сейітжанова Би-ағаның немересі, Рәзияның тұңғыш қызы. Атасы ақталғанда Зәуреш апай 10 жаста екен.

– Бейімбет атам ақталғанда Сәкеннің, Ілиястың әйелі және Күнжамал мамамды Алматыға ерлерінің ақталған қағазын алуға шақырады. Сәкен мен Ілиястың қағазын бірден берген, ал Бейімбеттің ақталғаны туралы қағазы жоқ болып шыққан. Соны Күнжамал мамам күтіп, Алматыда екі көзі төрт болып, екі ай жатты. Ақыры табылмаған соң, еңсесі түсіп үйге келді. Сөйтсе, оны Жаңаарқаға жіберген екен. Өйткені менің анам Рәзия әкесін іздеп, хаттың барлығын Жаңаарқадан жазған ғой. Ақталу қағазын алғаннан кейін

Күнжамал мамам балаларын құшақтап жылай берді, барлығы бірін-бірі құшақтап, жұдырықтай жұмылып, айырылмай біраз жылап тұрады. Біз баламыз ғой, селтиіп қарап тұрамыз, деп еске алады Зәуреш апай.

Конференция соңында Бейімбеттің жиеншары, атасы атындағы қордың директоры Салтанат Мұстафина Би-ағаның еске алу шараларына атсалысып жүрген азаматтарды Бейімбет Майлиннің туғанына 125 жыл толуына арналған мерекелік медальмен марапаттады.

Би-ағаның кіндік қаны тамған Әйет бойынан басталған той Қостанайда жалғасты. «Бейімбеттің биігі» атты республикалық ақындар айтысында Би-аға туралы да, бүгінгі күннің әлеуметтік өткір мәселелерінен де, әзіл-қалжыңнан да айтылмаған ешнәрсе қалмады-ау, сірә. Жүрсін Ермановтың таңдайынан бал тамған топжарғандары екі күн бойы сән-салтанаты келіскен зәулім «Жастар сарайында» Қостанай жұртын жырға бөледі. Қазақстанның халық ақыны Әсия Беркенова бас болған қазылар алқасы жыр бәйгесінде азулығымен алысқан жүйріктердің мәресін анықтады. Омар Шипин және Нұржан Наушабаев атындағы қос арнайы сыйлық Айнабек Бейсенғалиев пен Тоба Өтепбаевқа берілді. Екі үшінші орынды Салтанат Өтелбаева мен Шұғайып Сезімхан алды. Екі екінші орынды Әсем Ережеқызы мен Серік Құсанбаев иеленді. Бір миллион теңге тігілген бірінші орынды Мейірбек Сұлтанхан жеңіп алды. Ал айтыстың бас жүлдесі – темір тұлпар шашасына шаң жұқпаған жыр жүйрігі Айбек Қалиевке бұйырды.

Тойдың тағы бір тағылымды тұсы – Би-ағаға арналған жастар конференциясы болды. Қазіргі қазақ әдебиетінің жас толқыны саналатын жас ақын, әдебиетші, ғалымдардың қатысуымен өткен басқосудың мазмұны да, оған қатысқан қостанайлық жас студент қауымына берер тағылымы да жоғары болды.

– Би-аға тойының аясында өтіп отырған бұл конференцияда Бейімбет Майлин мұрасын зерттеудегі жас толқынның көзқарасын білуді, жалпы «Тәуелсіз ел, бүгінгі уақыт тұрғысынан қарағанда Бейімбет Майлин кім?» деген сұраққа жауап табуды мақсат етіп қойдық. Мойындауымыз керек, зерттеу жұмыстарында қалыптасып қалған пікірден айырылмаймыз, бір айтылған, таптаурын пікірдің шеңберінен шыға алмаймыз. Біз сондай стереотипті бұзу үшін де еліміздегі алдыңғы қатарлы әдебиетші жастарды осы пікірталас алаңына шақырдық, деді конференцияны ұйымдастырған облыстық мәдениет басқармасының басшысы Ерлан Қалмақов. Конференция жас ақын, жақында ғана Республика Жазушылар одағының мүшелігіне өткен Абылай Мауданның модераторлығымен өтті. Онда әдебиеттанушы, сыншы, Лев Гумилев атындағы университеттің докторанты Заңғар Кәрімхан, ақын, әдебиеттанушы, гуманитарлық ғылымдар магистрі Айнұр Төлеу, Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы университеттің кафедра меңгерушісі Еркін Рахметуллин, жазушы-драматург, Абай атындағы педагогика университетінің докторанты Әлібек Байбол, балалар жазушысы, әдебиет сыншысы, «Дарын» мемлекеттік сыйлығының лауреаты, гуманитарлық ғылымдар магистрі Елдос Тоқтарбайұлы Бейімбет мұрасын зерттеудің өзекті мәселелері, жазушының бүркеншік есімдері, Бейімбет поэзиясы және қазіргі

әдебиет мәселелері, Бейімбет прозасындағы ұлттық таным және мифтік тін, жазушы драматургиясының өміршеңдігі мен өзектілігі, XX ғасырдың 30-жылдарындағы саяси қуғын-сүргін және Бейімбет тұлғасы туралы айта келіп, Би-аға мұраларының бүгінгі ұрпаққа насихатталуы жайында жан-жақты әңгіме қозғады.

– Бейімбеттің көбіне тек прозасын ауызға аламыз. Ал оның поэзиясы да мәнін бір мысқалдай жойған жоқ. Оның поэзияға енгізген жаңалықтары да баршылық. Ал өлеңдерінде де ауылды, ауыл адамдарын, әлеуметтік мәселелерін көрсеткен Бейімбеттей ақын жоқ. Оның ерекшелігі де осында. Мағжан –лирик, оның деңгейі махаббат болса, Бейімбет ауылды жырлау арқылы қазақтың тағдырын көрсетті және ұлттық бояуды көрсетуде, сақтауда да Би-аға тағылымы ерекше, деді Елдос Тоқтарбайұлы. Сонымен қатар олар аудиториядағы жастар сұрақтарына да толыққанды, тұшымды жауап беріп отырды.

Сонымен бүкіл қазақтың, ұлттық әдебиеттің туғанына 125 жыл толған Би-ағасын еске алу аста-төк дарақылықтан, сансыз шапандар жабатын даңғазалықтан ада, ойы мен тойы жарасқан шара болып өтті. Әйетте көрермендер театрландырылған концертті тамашалады. Бұрын қазақтың тойы десе күн райы қалай болса да киіз үй тігіліп, ішіне құрақ көрпеше, кілем төсеп, түлкінің терісін іліп қояр еді, күзгі немесе ерте көктемгі ызғардан тоңған әжелер бір мезеттік көрініс үшін төзімін тауысып отыар еді. Даңғырлаған музыка ойнап, жұрт билеп кетердей жеңіл әндер айтылып, тойдың «көңіл күйін» жасар еді. Бірақ тойдың себебіне айналған тұлғаның кейінгіге өнеге, білім, баршаға рухани азық болардай өмірі мен мұрасы туралы жұртқа жеткізу той дабыры мен дүбірінің тасасында қалып қояр еді. Бұл жолы барлығына да шынайы көзқарас пен мүмкіндікті есептеу басты бағыт болды. Күздің салқынында киіз үй тігіп, кіріптарлық жасалған жоқ. Оның орнын Би-ағаның өмірі туралы көрме толықтырғандай. Би-аға тойында өткен бір емес, екі конференциядан, есті жыр ескен айтыстан жұрт бір байып қалды. Халқымыздың салтымен ас беріліп, Бейімбет Жармағамбет баласының аруағына құран бағышталды. Тойдың салты, сипаты ішіп-жеу, ойын-сауық деп түсінетін әдетті бір сілкіген жаңалық ескендей. Қоңыр бола тұрып батырлығы, қарапайымдылығынан тектілігі көрінетін нақ Би-ағаның өзіндей.

Нәзира ЖӘРІМБЕТ



